



**Лексикалық тақырып:** *Қарахан мемлекеті*

**Грамматикалық тақырып:** *Еліктеу сөздер*

**Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.**

**Қарахан мемлекеті** (942–1210 жж.) Қарахан қағанаты Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірін құтты қоныс етті. Оның құрылуы 940 жылдан басталады. Қағанаттың орталық астанасы Шу өзені бойындағы Баласағұн, кейінірек Ордакент (Тараз) қаласы. Қарахан мемлекетінің Үзген, Мерке, Құлан сияқты қалаларында ірі алыпсатар алпауыттар мен қолөнершілер мекендеген.

Қарахан әулетінің негізін салушы Сатұқ Боғрахан (915–955жж.) болып есептеледі. Ол Қарлұқ хандығының іргесін көтеріп, мәртебесін асырушылардың бірі – Білге құл Қадырханның немересі. Сатұқ Тараз және Қашқар қалаларын өзіне қаратып, 942 жылы Баласағұндағы билеушіні құлатып, өзін жоғары қаған деп жариялайды. Мемлекеттің күшеюіне қарлық, шігіл, ягма тайпалары үлкен үлес қосты. Сатұқ өлгеннен кейін билік оның баласы Мұсаға көшті, ол 960 жылы Қарахан мемлекетінің халқын ислам дініне қаратты. Оның астана қаласы Қашғар болды. Сатұқтың екінші баласы Сүлеймен-ілек Баласағұнды иеленді. Кейін бұл өңірді оның ұлы Хасан Боғра-хан мұра етіп алды. Мұса өлген соң, Қарахан жеріндегі жоғарғы қаған атағы оның баласы Әли Арсылан ханға көшті. 990 жылы Қарахан билеушілерінің бірі Хасан (Харун) Боғра хан Исфиджабты бағындырды. Ал 992 жылы қарахандықтар шығыста Хотанды, батыста Бұхараны басып алды. 999 жылы Қарахан билеушісі Әли Арсыланның баласы Насыр Орта Азиядағы Саманилер мемлекетіне соққы берді. Қарахан хандығы ұзақ соғыстардан кейін 1004–1005 жылдары Мәуеренахр жерін түгелдей өзіне қаратты. Осыдан кейін Қарахан мемлекеті XI-ғасырдың 30 жылдары Шығыс және Батыс қағанаты болып екіге бөлінді:

Жетісу және Шығыс Түркістан жері Шығыс қағанатына қарап, оның орталығы әуелі Орда (Баласағұнға жақын), кейін Қашғар қаласы болды. Мәуеренахр жерлері – Батыс қағанатына қарап, оның орталығы Үзкент, кейінірек Самарқанд болды. Қарахан мемлекетінде жоғарғы өкімет билігі хаканның қолында болған. Ол мұрагерлікке қалып отырған. Қарахан феодалдық қоғамының үстем тап өкілдеріне хаканның ұрпақтары тегіндер, ілек хандар, бектер, нәменгерлер, нөкерлер жатқан. Ханға ең жақын адамдардың бірі уәзір болған. Уәзір жоғарғы билеушінің ең жақын көмекшісі және кеңесшісі болып саналды. Хан сарайы, оның басты ордасы мемлекеттік және әкімшілік басқару орталығы болып есептелді. Қарахан мемлекетіндегі аса маңызды әлеуметтік-саяси институт әскери-мұралық жүйе болған. Мемлекет бірнеше үлестерге бөлінді. Олардың бастылары: Тараз, Исфиджаб, Баласағұн. Хан мемлекеттік немесе әскери қызметі үшін феодалдарға жер беріп, сол жердегі халықтан салық жинауға рұқсат еткен. Мұндай жерлер икта, ал оны иеленуші мукта деп аталған. Қарахандардағы жер иеленудің тағы бір көп тараған түрі әскери – үлестік жерлер. Ол әскери қызмет үшін берілген. Қарахан феодалдық қоғамында шаруаларды қанаудың бір түрі – жалға үлестік жер беру орын алған. Араб-парсы деректерінде үлестік жер алған шаруалар мұзарлар немесе барзұгар деп аталған. Үлескер жерден алынған өнімнің денін салық түрінде мемлекетке және жер иелеріне төлеп отырған. Шаруаларды қанаудың екінші бір түрі – коммендация жер иелігі. Оның мәні: әлсіз адам өзінің жер телімін күштінің қамқорлығына береді, ол күшті адам әлсіз адамды басқалардан қорғауға тиіс.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аудандарын мекендеген қарахандықтар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығында жылқы өсіру жетекші орын алды. Қарахан мемлекетінің құрамына енген түркі тайпалары

отар-отар қой ұстады, сондай-ақ түйе, ешкі, ірі қара өсірді. Отырықшы, жартылай отырықшы түрік тайпаларының біразы егіншілікпен де айналысты. Олар тары және басқа да дәнді дақылдар өсірді, отырықшылар қала мәдениетімен араласып, қала халқын толықтырды. Қалаларда қолөнер кәсібі, әсіресе көзешілік кеңінен дамыды. Олар аңшылықпен де айналысқан. Сондай-ақ Сырдария, Іле, Шу, Талас өзендерінен балық аулау айтарлықтай рөл атқарды.

XI ғасырдың аяғына қарай Қарахан мемлекеті соғыстармен және феодалдық иеліктердің одан әрі бөлшектенуімен байланысты құлдырай түсті. XII ғасырдың 30-шы жылдары Шығыс Қарахан иелігін, Жетісуды және Қазақстанның оңтүстігін шығыстан келген кидандар жаулап алды.

## Лексика-грамматикалық тапсырмалар



### 1. Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Қарахан мемлекеті, Үзген, Мерке, Құлан қалаларында, ірі алыпсатар алпауыттар мен қол өнершілер, мекендеген, үлескер, хан сарайы, жоғарғы билеуші.

### 2. А) Мына сөз тіркесітеріне морфологиялық талдау жасаныз.

Қарахан мемлекеті, хан сарайы, Шығыс қағанаты

### Б) Мына сөйлемнен бұрынғы өткен шақ есімше тұлғасын анықтаныз.

Қарахан мемлекетінің Үзген, Мерке, Құлан қалаларында ірі алыпсатар алпауыттар мен қол өнершілер мекендеген.

### 3. Мына сұрақтарға жауап беріп, өзара сұхбат құрыңыз.

1. Қарахан қағанаты қай жерлерді құтты қоныс етті?
2. Орталығы қай қала болды?
3. Қарахан мемлекетінде жоғарғы өкімет билігі кімнің қолында болған.?
4. Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аудандарын мекендеген қарахандықтар қандай кәсіппен айналысты.?
5. Қай ғасырдың аяғына қарай Қарахан мемлекеті құлдырай түсті?

### 4. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыз.

Қарахан қағанаты, Баласағұн, уәзірлер, алыпсатар, обалар, археологиялық зерттеулер, Сатұқ Боғрахан, басты орда, көшпелі мал шаруашылығы.

### 5. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз
- мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз
- мәтінде айтылған тәртіптерді жадыңызда ұстаңыз
- мәтіннен есімдіктің түрлерін тауып, теріп жазыңыз

Шұрайлы да, көрікті Жетісудың көркем де келісті бір бөлігі Есік аумағы. Әдетте, «Есік» дегенде біздің көз алдымызға төбесі көк тіреген таулар, Алатаудың көз моншағындай мөлдіреп жатқан Есік көлі мен Жасылкөл, сұлулығы көз суыратын Түрген шатқалы, жартасты жарып, таудан тулай аққан сарқырамалар келері сөзсіз. Әрине, сонымен қатар Есіктің ғана емес, байтақ Қазақ елінің атын әлемге әйгілеген, Отандық қана емес, әлемдік тарихқа жаңалық әкелген сақ ханзадасы – «Алтын адам» да ойға оралады. Жалпы, Жетісу өлкесі, соның ішінде Есік аумағы бүгінгі таңда Қазақстанда жаңа қарқын ала бастаған туризм

саласының болашақ үлкен бір бұтақтарының бірі. Бұл маң тек табиғи туризмді ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени туризмді де дамытуға аса қолайлы аймақ.

Көрікті мекенде көненің көзіндей болып бізге жеткен әйгілі сақ қорғандары, тарихын тасқа қашап жазған бабаларымыздың сөзіндей болып аманат қалған тас бетіндегі суреттер, түп-түқиянымыздың келелі кеңесі мен кемеңгер шешімдері өткен қала-жұрттары мен еңселі ордаларының орындары сынды қадіріне жете білсек қаншама ұрпаққа мақтаныш болар тарихи нысандар да көптеп саналады.

Сол мұраларымызды жан-жақты зерттеп, зерделеп, көпшілікке таныстыру, оларды көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат ету, рухани байлығымыздың қадіріне жете білу үшін Елбасының қолдауымен қолға алынған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасы аясында 2010 жылы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы құрылды. Ежелгі сақтардың астанасы орналасқан жерден құрылған бұл мұражайдың атқаратын істері өте ауқымды. Орайы келгенде, бір жағы – тарихқа тағзым, екінші жағынан – құлақтанбаған халыққа белгілі болсын деген ниетпен ата мұрамыздың ғылыми, мәдени һәм танымдық зерттелу кезеңдері мен оны мәдени туризм мақсатында пайдалану жолындағы атқарылған жұмыстарды саты-сатысымен айта кеткен жөн болатын шығар.

Бірінші танымдық кезеңді (1937- 48 ж.ж.) шартты түрде **«Есік обалары»** деп атауға болатын сияқты. Алатаудың баурайындағы кең алқапта, негізінен Есік өзенінің батыс жағалауында тізбектеле қоныс тепкен, былайғы жұртқа жәй төбелер болып табылатын Есік обаларына белгілі ғалым А.Н. Бернштамның жетекшілігімен ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізді.

Екінші **«Есік қорымдары» (1969-85 ж.ж.)** сатысы. Бұл кез әйгілі «Алтын адам» табылған, 1969-1970 жж. К. Ақышевтің жетекшілігімен жүргізілген **«Жаңа құрылыс»** археологиялық экспедициясының даңқты жылдары болып табылады. Бұл кезеңде Есік обаларының бұрын айтылып жүргендей Есік өзенінің батыс жағалауында ғана емес, шығыс жағалауында да бар екеніне көз жетті. Енді олардың ұзындығы бұрынғы 3 шақырымнан, 10 шақырымға, ені – 1,5 шақырымнан 3,5 шақырымға өсті. Аталмыш аумақтағы анықталған обалар саны 300-ге дейін жетті. Ал хронологиялық шегі туралы бұрынғы б.д. XI ғ. деген пікір б.д.д. X-IX ғ.ғ. дейін шегерілді. Бұл кезеңде К.Ақышев, Ф.П. Григорьев, Б.Нұрмұханбетов сынды ғалымдардың еңбектері зор болды.

Үшінші саты (1985-2009 ж.ж.) – **«Есік-Рахат археологиялық кешені»** кезі. 1985-2009 ж.ж. аралығында Ә. Марғұлан атындағы Археология институты тарапынан ескерткіштердің тізімін жасау бойынша және «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясындағы археологиялық экспедиция жұмыстары жүргізілді. Бұл экспедицияның жетекшісі – К.М. Байпақов, отряд бастығы – С.Ахатов және Б. Нұрмұханбетовтар болды. Сонымен қатар, жетекшісі – Е. Омаров, отряд бастығы – Б. Нұрмұханбетов болып табылатын «Қайнар» университетінің археологиялық экспедициясын да айта кету керек.

Сонымен қоса қорық-мұражай жәдігерліктері туралы жан-жақты мәлімет беретін сенсорлы киоскілер қазақ және орыс тілдерінде қызмет көрсетеді.

*Досым Зікірия*  
*«Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени*  
*қорық-мұражайының ғалым-хатшысы*

**6. Өздеріңіз білетін қазақстандық археолог-ғалымдарды атап, еңбектерін көрсетіңіз.**

**М:** Тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев...

- 1.
- 2.
- 3.

**7. Төменде еліктеуіш сөздерді топқа бөліп, бағанға орналастырыңыз.**

Тарс етті, салп, қарқ етті, жалт, жалп, топ ете түсті, сырт-сырт, маң-маң, дар-дар, қорбаң, қорқ, сарт-сұрт, тарбаң-тарбаң, сатыр-күтір, салдыр-күлдір, бұрқ-сарқ, жалт-жұлт, сарқ-сарқ, жапыр-жұпыр, тоқ-тоқ, сырт, шыңқ, желпең, арбай, балпай, қырш, шіңк, шыр.

Еліктеуіш сөздер	Бейнелеуіш сөздер
<b>М: тарс</b>	<b>М: арбаң-арбаң</b>

**8. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерді өзара байланыстырыңыз.**

Бұл экспедицияның жетекшісі –	дегенде біздің көз алдымызға төбесі көк тіреген таулар, Алатаудың көз моншағындай мөлдіреп жатқан Есік көлі мен Жасылкөл, сұлулығы көз суыратын Түрген шатқалы, жартасты жарып, таудан тулай аққан сарқырамалар келері сөзсіз.
«Есік»	К.М. Байпақов, отряд бастығы – С.Ахатов және Б. Нұрмұханбетовтар болды.
«Алтын адам»	бүгінгі таңда Қазақстанда жаңа қарқын ала бастаған туризм саласының болашақ үлкен бір бұтақтарының бірі.
Жетісу өлкесі, соның ішінде Есік аумағы	Отандық қана емес, әлемдік тарихқа жаңалық әкелген сақ ханзадасы –

**9. Берілген еліктеу сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз.**

<b>Еліктеу сөздер</b>	<b>Сөйлемдер</b>
М: Арбаң-арбаң	М: Алыстан <i>арбаң-арбаң</i> етіп бір бейне көрінді.
Үлбіре	
Дүркіре	
Адыраңдап	
Құжынап	
Сырт-сырт	
Шаңда-шұң	
Қылаң етіп	

**10. Мақал-мәтелдерді ұйқасын тауып жалғастырыңыз.**

- 1) Батырды жауда, ... ..
- 2) Батырдан – сауға,  
... - ... .

3) Мерген қорғаныста тіреніш,

... ..

4) Батыр болсаң – жауыңа найзаң тисін,

... ..

5) Еліңді сүйсең, ... ..

6) Батырға оқ дарымайды,

... ..

7) Ер сасқанда белгілі,

... ..

8) Уайым түбі тұңғиық,

... ..

Тәуекел түбі жел қайық,

... ..

9) Дұшпанға тастай қатты бол,

... ..

10) Тура ағаш үйге тіреу,

... ..

**Керекті сөздер:** Тура жігіт елге тіреу , шешенді дауда сына, ерлік істейсің, батасың да кетесің, шабуылда сүйеніш, батылға жау жоламайды, бінесің де өтесің , ат шапқанда белгілі, аңшыдан-сыралғы, досыңа балдай тәтті бол, бай болсаң – еліңе пайдаң тисін,

### 11. Төменде берілген еліктеуіш сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Тарс етті, салп, қарқ етті, жалт, жалп, топ ете түсті, сырт-сырт, маң-маң, дар-дар, қорбаң.

### 12. Тест тапсырмалары

#### 1. Еліктеу сөзді тап?

- A) Кәрі
- B) Тек
- C) Шөп
- D) Құрау-құрау
- E) Жыбыр-жыбыр

#### 2. Бейнелеуіш еліктеу сөзді көрсетіңіз?

- A) Жым-жырт
- B) Тарс-тұрс
- C) Гүрс- гүрс
- D) Қорбаң-қорбаң
- E) Ызың-ызың

#### 3. Еліктеуіш сөздер нешеге бөлінеді?

- A) 5
- B) 2
- C) 4
- D) 3
- E) 6

#### 4. Еліктеуіш сөздер дегеніміз не?

- A) айналадағы әртүрлі құбылыстың дыбыстарына, қимыл-әрекеттеріне еліктеумен немесе олардың бейнелерімен байланысты туған сөздер

- В) табиғатта заттардың қозғалуын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздер
- С) етістік негіздерінен арнаулы қосымшалар арқылы жасалады әрі шақтық, модальдық және басқа мәнді білдіретін сөздер
- Д) жұрнақтың етістік негізіне жалғанып, олардан етістік қасиеті де, есім қасиеті де бар туындаған сөздер
- Е) сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын, айтушының пікірін, көзқарасын білдіретін сөздер

**5. Еліктеуіштен жасалған зат есімді табыңыз?**

- А) таныл
- В) жазыл
- С) ырыл
- Д) қызыл
- Е) айыл

**6. Еліктеуіш сөзден жасалған қос сөз?**

- А) аппақ
- В) биік-биік
- С) шіңк-шіңк
- Д) әп-әдемі
- Е) алқа-салқа

**7. Еліктеу сөзі бар сөйлемді табыңыз?**

- А) Ұлпан бүгін көңілді.
- В) Шыдай алмай далаға шығып кеттім.
- С) Көшеде біреу кетіп барады.
- Д) Көлбең- көлбең етеді.
- Е) Қызық еді Аянның мінезі.

**Сіз бұл адамды білесіз бе?**

**СӘТБАЕВ Қаныш Имантайұлы** (12.4.1899, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Ақкелін болысы, Шадра (қазіргі Сәтбаев) а. — 31.1.1964, Мәскеу, Алматыда жерленген) — ұлы ғалым-геолог, қоғам қайраткері, геол.-минерал. ғыл. докт. (1942), проф. (1950). Қазақстан ҒА-н ұйымдастырушылардың бірі және тұңғыш президенті (1946). КСРО ҒА-ның акад. (1946; 1943 жылдан коор. мүшесі), Қазақстан ҒА-ның академигі, (1946), Тәжікстан ҒА-ның құрметті мүшесі (1951). Қ. Сәтбаев қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геологы, Қазақстан ғылымының атасы, Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, Қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы.

Қ.Сәтбаевтың негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орт. Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда (1952 — 58) көп еңбек сіңірді. Ғылымға формац. металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. 1926 — 29 ж. кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор (ақиқат қоры бұрынғысынан 2,5 есе көп екенін анықтады). Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасаған Сәтбаев бұл кеннің ауданның кең көлемдегі геол.-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін, минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай, т.б. аймақтарды ерекше назар аударып зерттеді. 1927 — 28 ж. Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары,

*Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялады.*

А. Нұрлыбаев, К. Салықов

**Дереккөзі:** "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 7-том